Білім беру мекемесінің даму бағдарламасы 2018 жылдан 2023 жылға дейінгі кезеңге әзірленген. Бағдарламада білім беру мекеменің даму тенденциясы бейнеленген, тәрбие-білім беру кеңістігі қатысушыларының басты проблемалары мен тапсырмалары сипатталған, білім беру процессінің маңызы мен ұйымдастырылуын өзгерту бойынша шаралар көрсетілген. Білім беру мекемесінің дамуы осы уақытта оқыту және тәрбие беру сапасын арттыру жолын іздестіруді, педагогтардың құзыреттілігін қалыптастыру және дамытуды, тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және нығайту үшін жағымды ұйымдастыру-педагогикалық және материалды-техникалық жағдайды құруды болжамдайды.

Балабақша дамуының жоспары – жүйенің бастапқы жағдайын анықтайтын педагогикалық ұжымның бірлескен қызметінің нормативті үлгісі, қалауындағы болашақ жағдайының бейнесі, қазіргіден болашаққа көшу қызметінің құрамы мен құрылымы.

Бағдарламаның тағайындалуы:

- ✚ Мекеме әлеуетінің дамуы
- ✚ Оны қолдану сапасын арттыру
- ✚ Тәрбие-білім беру процессінің маңызын, түрі мен тәсілдерін жақсы жаққа қарай өзгерту үшін қажетті қызмет жүйесін әзірлеу.

МҚКК «Баянауыл ауылының бөбектер балабақшасының» даму бағдарламасы болашақта келесі нәтижелерге жетуді болжайды:

- Қоғам алдында балабақша мәртебесін көтеру, тәрбиеленушілер отбасымен ынтымақтастық орнату.
- Балалар денсаулығын қорғау және нығайтудың жоғарғы деңгейімен, психологиялық қорғалу мен жағымды эмоционалды әсермен қамтамасыз ететін механизм құру.
- Қазіргі талаптарға сәйкес педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру.
- Инновациялық дамуды қамти алатын және соған бағытталған ұйымдастырушылық мәдениетін қалыптастыру.
- Компьютерлік технологияларды қолдану
- Заманауи технологияларды қолдану

МҚКК «Баянауыл» ауылдық бөбектер бақшасының даму бағдарламасының тұжырымдамасын жазу кезінде ең басты, негізгі идея қалыптасты: білім беру процесі өзгеруімен жаңа бағдарламалық технологияға көшуге байланысты педагогикалық процесстің өзгеруі.

Сонымен, әзірленген Даму Бағдарламасы басты проблеманы шешуге бағытталған, яғни балалардың білім сапасын арттыру, мектепке дейінгі мекеменің мемлекеттік білім беру саясаты талаптарымен сәйкестігі.

даму бағдарламасының тұжырымдамасы

«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы Мемлекет басшысы белгілеген еліміздің эволюциялық дамуын қаматтасыз етуде қоғамдық сананы жаңғырту мәні біріктірілген жалпыұлттық құндылықтарды тереңдетуге мән бере отырып, рухани саланың түпкілікті түрлендіруді болжайды.

Елбасымыз айтқандай: Біз бір және ұлы ұлтқа жатқанымызды мақтан тұтуымыз керек. Біздің жолымыз бір: жаңару арқылы жарқын болашаққа! - деп атап өтті.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев қоғамдық сананы жаңғыртудың мынадай басты бағыттарын атап көрсетті

-білімнің салтанатын құру

-бәсекелік қабілет

-прагматизм

-эволюциялық даму

-ұлттық бірегейлікті сақтау

-сананың ашықтығы.

Осы қасиеттер мен құндылықтарды қазақстандықтардың санасына сіңіріп бекіту қажет.

«Рухани жаңғыру»-барлық заманауи тәуекелдер мен жаһандық сыни-кәтерлерді есепке ала отырып, қазақстандықтардың рухани құндылықтарын жаңғыртуға бейімделген Мемлекет басшысының бағдарламалық мақаласы. Мақала қоғамдық сананың жаңғыруының бәсекелік қабілеттің дамуының прагматизмнің, ұлттық бірегейлікті сақтаудың, білімнің салтанат құруы мен азаматтар санасының ашықтығын танымал етудің маңыздылығын атап өтеді. Бұл қасиеттер заманауи Қазақстанның негізгі бағдары болуы тиіс.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы-бұл болашаққа бағдарланған түйінді идеологиялық құжат. Мемлекет басшысы осы жұмысты реттеу мақсатында бірінші «Білімнің салтанат құруы» бағытында Заманауи инновациялық технологияларды есепке ала отырып, білім беру сапасын арттыру, өзін-өзі жетілдіруге мүмкіндік беру, қазақ халқының мәдени мұрасын (өлкетануын, салт-дәстүрлерін, әдеп-ғұрыптарын, тіл және т.б) сақтау мен дамытуға ұқыпты қарауды қамтамасыз ету, өзіндік білім алуға және өзін-өзі дамытуға қабілетті тұлға қалыптастыруды міндеттеді.

Рухани жаңғыру идеологиясы – білімді ұрпақ, саналы жастар тәрбиелеу.. Осы тұрғыда тәрбиеші қауымының атқарар ісі көп. Алдымызда ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, отансүйгіш, елі мен жерінің қамы үшін

аянбайтын, білімді, иманды, еңбекқор ұрпақ тәрбиелеу, оларға бағыт беру міндеті тұрғанын әрдайым жадымызда ұстауымыз шарт. Қазақстан тағдыры үшін, өткен ата-бабалар мен болашақ ұрпақ алдында ең бағалы құндылығымыз — егемендігімізді сақтап, мұратымызға айналған «Рухани жаңғыру» идеологиясын жүзеге асыру жолында аянбай еңбек ету міндеттеледі.

Тәрбие негізі балалық шақтан қаланатындықтан, «Рухани жаңғыру» болашаққа бағдар бағдарламасын жүзеге асыру барысын отбасында және мектепке дейінгі ұйымдарда да мақсатты түрде ерте жастан жүргізу. Оқыту рухани адамгершілік қасиеттері мен патриоттық сезімдерін, азаматтық жауапкершіліктерін қалыптастыруға, ұлттық сана-сезімді дамытуға, зайырлы құндылықтарды нығайтуға, мемлекеттің көпэтникалық жағдайын ескере отырып, барлық ұлттармен сыйластық қарым-қатынас жасай білуге бағытталады. Ұлттық идеяны жүзеге асыруда педагог маңызды рөл атқарады.

Балалар үлкендермен бірлесе отырып ұлттық ойыншықтарды, заттарды, әшекей бұйымдарды және өмірге қажетті керек заттарды қолдан жасап істеуге дағдыланады. Нәтижесінде балалар өз отбасын, достарын, көршілерін құрметтеуге, туған өлкесін сүйуге, қоршаған табиғатқа қамқорлықпен қарауға; ұлттық мәдени мұрамызды, ауыз әдебиетінің үлгілерін, ұлттық қолөнер кәсібін, ұлттық-мәдени дәстүрді, ақын-жазушы, композиторлардың шығармаларымен танысады.

Ұйымдастырылған барлық іс-шаралар көшбасшылық қасиеттері дамыған, білімді, таңдау жағдайында дербес шешім қабылдауға дайын, мәдениетаралық өзара әрекетке және ынтымақтастыққа қабілетті, ел тағдыры үшін жауапкершілік сезімін игерген, «Қазақстан жолы — 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Стратегиясының басты мақсатына жетуге белсенді қатысатын адамды қалыптастыруға бағытталған болуы тиіс.

Даму қағидалары:

Баланың жан-жақты дамуының барлық жақтарының байланысын көрсетеді. Педагогтың балаға деген қарым-қатынасы бойынша бастапқы айқындамасын анықтайды: бар табиғи әлеуетке сүйену, оның дарындылығын іздеу және ашу, ішкі рухани байлығын ынталандыру.

Тәрбиенің табиғи лайықтық қағидасы

Тәрбиешіге қойылатын талаптар: өз жақындауына, ең бастысы баланың биологиялық табиғатына сәйкестігі. Баланың туа біткен қасиеті туралы (Я.А. Каменский), оның жас ерекшелік, жеке қабілеттері, табиғатпен тәрбиелеу, оның қайырымдылық күшін қолдану туралы (Ж.Ж. Руссо), даму жаратылыстығы, балалық феномені есебімен (А. Дистверг), дене және психологиялық денсаулығын нығайту туралы (К.Д. Ушинский, Л.Н. Толстой) сөз болып отыр.

Психологиялық жайлылық қағидасы

Баланы жағымды эмоционалды сезіммен, психологиялық саулық жағдайымен қамтамасыз етеді. Балабақпада баланың психологиялық жайлылықтың ең басты бөлігі – бұл ойын қызметі. Өзара қатынас процессінде педагог айқындамасы баламен серіктес ретінде араласу болып табылады.

Өзара қатынас қағидасы

Тәрбие процессінің барлық субъектілерінің өзара шарттастық, белсенділікті түспалдайды. БАЛА – ПЕДАГОГ, АТА-АНА – БАЛА, ПЕДАГОГ – АТА-АНА.

Сенімді ынтымақтастық қағидасы

Ұқсас қарым-қатынас нақты баланың жеке тұлғасын дамытатын білім берудің өзара қатынас жетістігі мен аяқталушылығы көрсеткіші ретінде қарастырылады.

Диалогиялық қарым-қатынас қағидасы

Диалогты білім беру процесі субъектілерінің өзара қатынас жағдайының ажырамас бөлшегі ретінде қарастырады.

Педагог-бала өзара даму әсерінің қағидасы

Қарым-қатынас процессінде тәрбиеші мен тәрбиеленушінің өзара өзгерулерін ескертеді.

Тәрбие беруде зорлық көрсетпеу қағидасы

Мектепке дейінгі балалық шақ «бағалы» кезең деген гуманистік түсінікке келеді және балаға деген қандай да зорлық көрсетудің, оған жат қызығушылық пен оқытудың түрлері мен тәсілдерін күштеуінің жоқтығын тұспалдайды.

Мәдени қызмет қағидасы

Тәрбие берудің маңызы – педагог баланың табиғи болашағын дамытатын қызметті ұйымдастыру. Дәл осы қызметмәдениеттің құндылығы мен идеалын қабылдауға баланы «сензитивті» етеді.

Қызметті оқытудың қағидасы

Дәл қызмет «өзін өзгерту үшін мықты энергиялық күшпен» шығады (В.С. Соловьев). Қызметті оқыту – бұл дағдыға үйрету емес, мақсатты қою және бұдан әрі мұны жүзеге асыруды білу болып табылады.

Жалпы мектепке дейінгі білім беру артықшылық қағидасы

Баланың жалпы адами құндылығы, өмірі мен денсаулығы, еркін жеке дамуы сияқты негізгі екіні болып табылатын оқытудың негізгі мінезін айқындайды.

Оқытудың бірізділік принципі

Баланың жеке дамуын қамтамасыз ететін оқыту қызметінің мақсаты мен бірізділігі, оқыту мазмұны мен бағыты.

Денсаулық сақтау қағидасы

Денсаулықты сақтаудың басты әлеуеті – баламен өзара қатынас жасайтын жеке-бағыт үлгісі.

МДМ-де тәрбие-оқыту кеңістігін құру қағидасы

- педагогикалық процестің үздіксіздігі мен бірізділігі;
- білімнің бағдарламалық облысыбірігуі;
- оқытуды дамыту мінезі;
- балалық қызметтің алуан түрлерінің оңтайлы үйлесімі;
- баланың жеке тұлғасын, оның қызығушылығына деген бейімін, эмоционалды және уәждемелік саласын құрметтеу;
- баланың жеке қабілеті мен қызығушылығына сәйкес өз дербестігі, таңдау құқығы, өз тағдырын өзі шешуді ұсыну;
- баланың әр жақты қабілеті мен қызығушылығының дамуы;
- балалар, педагог пен ата-аналардың ынтымақтастығы, олардың арасындағы серіктестік қарым-қатынасы.

АРМАНДАҒЫ НӘТИЖЕ

Мемлекеттік стандарт талаптарына жауап беретін оқыту мазмұнының және балалар мен ата-аналардың жеке қажеттілігін максималды жүзеге асыратын оңтайлы үлгісі

МҚКК «Баянауыл ауылының бөбектер бақшасы»

**2018-2019 оқу жылында
Даму бағдарламасының тұжырымдамасы**

**МКҚК «Баянауыл ауылының бөбектер бақшасының»
2018-2019 оқу жылында Даму бағдарламасының тұжырымдамасы**

Даму бағдарламасының жалпы мақсаты: Баланың тұлғалық дамуы мен оның құзіреттілігін дамытуға көмекші болу және тәрбие мен білім сапасын көтеру

Міндеттері:

1. Балабақшада білім беру кеңістігін құру және баланың тұлғалық дамуын қалыптастыру
2. Шығармашылық қабілеттерін креативті шешімдерді ұсынарлық қалыптан тыс ойлау біліктіліктерін дамыту жаңа инновацияларды қолдану арқылы жүзеге асыру

2018-2019 оқу жылына балабақшаның Рухани жаңғыру» бағдарламасын оқу –тәрбие жүйесіне енгізе отырып, мектепке дейінгі білім беруде заманауи педагогикалық технологияларды қолданып, балаларға үштілділікті үйрету. Балалардың бойына патриоттық сезімдерін қалыптастырып, ұлттық ойындарының денсаулыққа пайдасын көрсету мақсаты бойынша жыл көлемінде жұмыстар жүргізілді. Балабақшада тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескере отырып, өлкетану бойынша орталықтармен әдебиеттер жабдықтау жұмыстары жүргізілді. Ересек топтарында Өлкетану бағдарламасы бойынша вариативтік бөлімдері бойынша оқу әрекеттері жүргізілді. Басқа жас ерекшелік топтарда Өлкетану орталықтары жабдықталып тәрбиешілер балалармен күн тәртібіне сәйкес жұмыстар жүргізіп отырды. Сонымен қатар балабақшада балалардың денсаулығын сақтау және нығайту үшін екінші жартыжылыдықта спорттық құрал жабдықтар сатып алынып, балалардың денсаулығын нығайту іс шаралары бойынша жұмыстар жүргізілді.

Балабақшаның материалды-техникалық базасы педагогикалық талаптарға, заманауи білім беру деңгейіне және санитарлық нормаларға сай жабдықталған. Балабақшада балалардың психо-физикалық, эстетикалық, танымдық, сондай-ақ әлеуметтік дамуына қолайлы жағдай жасалған.

Балабақшада 286 бала тәрбиеленуде. 13 функционалдық топтар, қажетті жабдықтармен жабдықталған ағылшын тілі, педагог-психолог бөлмелері, әуендік көркемдеу және дене шынықтыру залы, медициналық бөлме, спорт алаңдары мен серуен үлескілері бар.

Барлық топтардың үлестірмелі, дидактикалық материалдары, қосымша және әдістемелік әдебиеттері, көрнекі құралдары бар. Әуендік көркемдеу зал, музыкалық құрылғылармен жабдықталған.

«Баянауыл ауылының бөбектер бақшасының оқыту мен тәрбиелеу жұмысы «Білім туралы» заңның орындалысы бойынша Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 12 тамыз № 499 бұйрығымен бекітілген

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен жұмыс жасады.


Педагогтар туралы мәлімет:

Балабақша түгелдей педагогикалық кадрлармен қамтылған. Ұжым тұрақты, педагогтардың орташа жас көрсеткіші 25 жас шамасында. Педагогикалық қызметкерлердің штаттық саны 39 педагог мамандармен қамтамасыз етілген.

Жалпы педагог саны	Білім деңгейі					Біліктілік санаты		
	Педагогикалық жоғарғы	Мектепке дейінгі жоғарғы	Арнайы пән мұғалімдері	Арнаулы орта	Мектепке дейінгі арнаулы орта	Бірінші	Екінші	Санаты жоқ
39	19	5	7	19	14	16	7	16
100%	48,7	13%	18%	49%	36%	41,0 %	18 %	41%



Педагогтардың санаты бойынша

**Педагогтармен әдістемелік жұмыс**

Балабақшада әдістемелік жұмыстар жоспарға сай жүргізіліп отырады. 2018-2019 оқу жылында аудандық семинарда тәрбиешілердің кәсіби деңгейін көтеру мақсатында «Балабақшада заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру ерекшелігі» тақырыбында өз іс- тәжірибелерімен әдіскерлер Қ.Баймағамбетова мен Б.Муталипова бөлісті.

Баянауыл ауылының бөбектер бақшасында аудандық семинар өтті.

«Инновациялық технологияларды қолдану арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың үштілдік күзиреттілігін қалыптастыру». тақырыбында

Семинар мақсаты: Мектеп жасына дейінгі үш тілде сөйлейтін жеке тұлғаны тәрбиелеу

Семинарда оқу іс-әрекетін көрсеткен педагогтар 2- сәбилер тобының тәрбиешісі А.Жармағамбетова, Ересек тобы «Қошақан» тобының тәрбиешісі А.Жулеуова. Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі А.Мурит, ортаңғы «Балапан»тобының тәрбиешісі Н.Зәркеш. Әдістемелік кеңестер, ақыл - кенестер өткізілді. Балабақшада жыл бойы 5 педагогикалық кеңес өтті. Педкеңестерге педагогтар құрамы жылдық міндеттеріміздің негізін ала отырып, тақырыптар бойынша үлкен дайындық жұмысын жүргізді. Педкеңестер педагогтар арасында, дөңгелек үстел, теориялық ақпараттандыру түрінде ұйымдастырылды.

Балабақшада 12 жас маман жұмыс жасауда. Әр жас маманға тәжірибелі педагог тәлімгер бекітіліп, оқу-тәрбие іс-әрекетін ұйымдастыруда, әдістемелік көмек көрсетіп, шығармашылық қабілеттерін арттыруға, циклограмма, технологиялық картаны жазуға, ата-аналармен жұмыс жасау бағытында кеңестер беріп отырды. Жас мамандарды өзара тәжірибе алмасу мақсатында ашық сабақтарға, семинарлар, ашық шараларға қатыстырылды.

Жас мамандар: Зәркеш Н, Иманбек К, Шайхина А, Канафина М, Канафина М, Еркін А, Мәлік А, Сарбасова А, Дүйсенбай А, Баймуқанова Ж, жас мамандарға тәлімгерлер тағйындалып, жетекшілік жасалуда. Сабақтарына қатысып, кеңестер жүргізілінеді. Тәлімгерлер есебі жүргізілінеді.

Педагогтардың аттестациядан өтуі.

Биылғы 2018-2019 оқу жылында 2-санатқа: А.Манаш, Б.Қазел, С.Жұмабекова, ал 1- санатқа А.Канафина, А.Есмакаева өтті, өзінде бар 1-санатты А.Жулеуова, Қ.Баймағамбетова, С.Магипратова растады.

Басшылық және бақылау.

Мектепке дейінгі білім беру мен оқытудың мемлекеттік стандарт талаптарын орындау мақсатында жылдық жоспарға сай бақылау және басшылық жүргізілді.

Бақылау мен басшылық негізінде өтілген іс — шаралар

1.Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы қарастырылды. Дайындық деңгейі қанағаттанарлық деп бағаланды. Бір ай көлемінде кемшіліктерді толықтыру тапсырылды. Барлық тәрбиешілердің жаңа оқу жылына жасалған жұмыс жоспарлары бекітілді.

2.Балабақша мен мектеп арасындағы байланыс бойынша жұмыс жүргізіліп, анықтама жазылды.

3. Балалардың мектепке дайындығы бақыланды, қанағаттанарлық деңгейде.

4.Жаңа келген балаларды қабылдау, барлық балалардың психологиялық дайындығы деңгейі бойынша педагог-психолог М.Акошева өз жұмысы бойынша есеп берді.Балалардың балабақшаға бейімделуі бойынша ата-аналар мен жеке жұмыс жүргізілді.

5.Шынықтыру —сауықтыру шараларын өткізу барысы қадағаланып, анықтама негізінде бағаланды.

6.Апта сайын тәрбиешілердің апталық циклограммасын,технологиялық картасын түзуін, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеніне дайындығын,көрнекілік пен үлестірмелі материалдарын бақылау жұмыстары жүргізілді.

7.Күнделікті тәрбиешілердің уақытылы жұмысқа келуі қадағаланды.

8.Тоқсан сайын топтардың тазалығы, балалардың мәдени-гигиеналық дағдылары бақыланып, қорытындыланып отырылды.

Балалардың өмірі мен денсаулықтарын қорғау.

Балабақшаның негізгі жұмыс бағытының бірі — балалардың денсаулығын сақтау және нығайту. Балабақшада дене тәрбиесі — сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалған. Балалардың физиологиясына, санитарлық — мәдени ережесіне, танымдық орта құрудағы техникалық қауіпсіздігіне байланысты материалды — құрал-жабдықтармен жабдықталған.Жүйелі түрде: балалардың ағзаларын шынықтыру ретінде таңертеңгі жаттығу, серуенде қозғалмалы ойындар, сабақта сергіту сәттері өтіледі. Педагогикалық ұжым барлық жас ерекшеліктеріне сай топтардағы өтілетін сауықтыру шараларына көп-көңіл бөледі. Бұл шынықтыру шаралары күндізгі ұйқыдан кейінгі ойын түріндегі сауықтыру шаралары, релаксациялық және тыны салу жаттығулары, майтабанның алдын —алу жаттығулары, күннің жылы кезінде жалаң-аяқ жүру, дәруменді шырындар шу

2018 —2019 оқу-жылында балалардың сырқаттануларына байланысты мониторинг қорытындысы



— балалардың жарақаттану жағдайлары жоқ.

Балалардың денсаулықтарын қорғау және нығайтуға бағытталған жұмыстардан біздің тәрбиеленушілеріміздің ата — аналарының көмегінсіз күтілетін нәтиже алуға болмайды, сондықтанда, ата—аналарды қатыстыру арқылы әр түрлі жұмыстар жүргізіледі ашық сабақтар, спорттық мерекелер, денсаулық күндері, ата—аналардың қатысуы мен ойын — сауықтар. Әрбір топтарда ата- аналарға арналған денсаулық бұрыштары безендірілген.

«Омыртқа жотасын дұрыс қалыптастыру жаттығулары», «Мектепке дейінгі балаларға арналған ырғақты гимнастика», «Асқазан, шек ауруларын алдын алу», «Жаз мезгіліндегі балалар травматизмі бойынша профилактика» тақырыптарында кеңес берілді. Балабақшада сауықтыру және шынықтыру сұрақтарын медицина қызметкері мен тығыз байланыспай шешуге болмайды. Дене тәрбиесіне байланысты балабақшада «Шынықсан шымыр боласың», «Көңілді достар», деген топ арасындағы эстафеталық жарыстар өткізілді.

Денсаулық күндері қимылды қозғалыс ойындары өткізіліп тұрды. Тәрбиеленуші балалар үнемі медбикенің бақылауында. Балабақшада балалардың балабақшаға қатысуларының және ауырған күндерінің қорытындылары шығарылып отырылады. Ауырған диагноздары анықталып, көктемде және күзде балалардың денсаулықтары бойынша мониторинг жасалады. Он күнге арналып жасалған ас мәзірі директор мен бекітіліп, сол бойынша тәрбиеленушілерді төртрет тамақтандыру жүзеге асырылады

Түскі ұйқыдан тұрғаннан кейін балалар нүктелі массаж және бірнеше дене жаттығуларын жасайды. Сонымен қатар балабақшада ата аналардың қатысуы мен түрлі спорттық жарыстар өткізіліп тұрады. Спорттық жарыстар мен түрлі ойын сауықтар балалардың ой санасының қалыптасуына, өзін еркін ұстап және жан жақты жетілуіне әсер етеді.

Ата-аналармен жұмыс

Тәрбиешілердің ата-аналар мен ынтымақтастығы тәрбиеленушілермен жүргізілетін тәрбие жұмысының табысты болуының басты кепілі болып табылады. Балалармен ата-аналар мен бірігіп жасаған шығармашылық жұмыстарынан көрме ұйымдастырылды. Ата –анна мен ашық есік күні «Жұлдыздар» тобымен өткізілді. Бітірушілер тобының ата-аналары бақшаға демеушілік жасады. Сонымен қатар «Балапан» тобының ата-аналары да заттық даярлаушы орталығындағы бұрыштарды жасауға демеушілік көмек жасады. Көптеген ата-аналар «Бүлдіршін 20» байқауына қатысушы балаларға киімдерін тігуге, облыстық байқауға баруға демеуші боп атсалысты. Ата-аналарға ашық есік күндері ұйымдастырылды, өткізілген кенестер әртүрлі тақырыпта өткізіледі «Адаптация», «Мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған сауықтыру шараларының жүйесі», «Балаларға қандай әдебиет оқу керек», дөңгелек үстел Жалпы және әр топта ата-аналар жиналыстар өтеді әр түрлі тақырыпта. Ата-аналар жыл көлемінде бақшамен тығыз байланыста болады. Мерекелік іс-шараларға келіп көмектесіп балалардың мерекелерін бірге тамашалайды. Балабақша мен отбасының байланысы тәрбиешілер мен ата-аналардың өзара құрметі мен сеніміне және әріптестік қарым-қатынас орнату үшін бірлесе күш жұмсауында.

Балабақша мен мектеп жұмысының сабақтастығы

Мектептің алғашқы баспалдақтарында баланы жеке адам ретінде қалыптастыруға, өзгелермен қарым-қатынас жасауға, оқу еңбегіне үйретуге, адамгершілік, эстетикалық, дене тәрбиесі мәдениетіне баулуға баса назар аударылатыны белгілі. Бірақ баланың жан-дүниесі балабақша қабырғасында қаланбаса бұл жұмыс жемісті болмақ емес. Сондықтан да балабақша тәрбиесі мен мектеп білімі арасында бірлестік болуы тиіс. Балабақшаның басқа да ұйымдармен орта мектеппен, өнер мектебімен, аудандық кітапханамен сабақтастық жұмыстары жақсы жолға қойылған. Басқа ұйыммен қарым-қатынастың нәтижесі, тәрбиеленушілеріміздің жеткен жетістіктерінен байқауға болады. Жалпы балабақша жан –жақта орналасқандықтан 4 мектеппенде мектеп аралық байланыстар жүріп отырады. 2018-2019 оқу жылына арналған жоспары түзілді. Жоспарға сай жұмыстар жүргізілді.

-Қыркүйек айында мектепке саяхат жүргізілді.

-Қазан айында балабақша тәрбиешілері түлектерінің мектепке бейімделуін бақылады.

-«Мектепке балаңыздайын ба?» атты ата-ана- мектеп мұғалімдері арасында бірлескен жиналыстар өткізілді.

-Балабақша түлектерінің оқу үлгерімдері, білім деңгейлері анықталды.

МҚЖК «Балнауыл ауылының бөбектер бақшасы»

**2019-2020 оқу жылына
Даму бағдарламасының тұжырымдамасы**

Педагогтардың санаты бойынша



Биылғы оқу жылында Педагогтардың біліктілігін көтеру курстарына 9 педагог қатысты. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы Павлодар қаласында және Назарбаев Зияткерлік мектебінде, Педагогикалық шеберлік орталығының Павлодар қаласы филиалында педагогтар біліктілігін арттыру білім беру курстарына қатысып сертификаттарын алды.

Педагогтармен әдістемелік жұмыс

Балабақшада әдістемелік жұмыстар жоспарға сай жүргізіліп отырады. 2019-2020 оқу жылында

Әдістемелік кеңестер, ақыл -кенестер өткізілді. Балабақшада жыл бойы 5 педагогикалық кеңес өтті. Педкеңестерге педагогтар құрамы жылдық міндеттеріміздің негізін ала отырып, тақырыптар бойынша үлкен дайындық жұмысын жүргізді. Педкеңестер педагогтар арасында, дөңгелек үстел, теориялық ақпараттандыру түрінде ұйымдастырылды.

Балабақшада 12 жас маман жұмыс жасауда. Әр жас маманға тәжірибелі педагог тәлімгер бекітіліп, оқу-тәрбие іс-әрекетін ұйымдастыруда, әдістемелік көмек көрсетіп, шығармашылық қабілеттерін арттыруға, циклограмма, технологиялық картаны жазуға, ата-аналармен жұмыс жасау бағытында кеңестер беріп отырды. Жас мамандарды өзара тәжірибе алмасу мақсатында ашық сабақтарға, семинарлар, ашық шараларға қатыстырылды.

Жас мамандар: А.Есмакаева, И.Ыбраш, А.Шайхина, М.Канафина, А.Еркін, А.Мәлік, А.Сарбасова, А.Мұхаметжан, Б.Махай, А.Төлеутай жас мамандарға тәлімгерлер тағйындалып, жетекшілік жасалуда. Сабақтарына қатысып, кеңестер жүргізілінеді. Тәлімгерлер есебі жүргізілінеді.

Ата-аналармен жұмыс

Тәрбиешілердің ата-аналар мен ынтымақтастығы тәрбиеленушілермен жүргізілетін тәрбие жұмысының табысты болуының басты кепілі болып табылады. Балалармен ата-аналар мен бірігіп жасаған шығармашылық жұмыстарынан көрме ұйымдастырылды. Ата –анна мен ашық есік күні «Жұлдыздар» тобымен өткізілді. Бітірушілер тобының ата-аналары бақшаға демеушілік жасады. Сонымен қатар «Балапан» тобының ата-аналары да заттық даярлаушы орталығындағы бұрыштарды жасауға демеушілік көмек жасады. Көптеген ата-аналар «Бүлдіршін 20» байқауына қатысушы балаларға киімдерін тігуге, облыстық байқауға баруға демеуші боп атсалысты. Ата-аналарға ашық есік күндері ұйымдастырылды, өткізілген кенестер әртүрлі тақырыпта өткізіледі «Адаптация», «Мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған сауықтыру шараларының жүйесі», «Балаларға қандай әдебиет оқу керек», дөңгелек үстел. Жалпы және әр топта ата-аналар жиналыстар өтеді әр түрлі тақырыпта. Ата-аналар жыл көлемінде бақшамен тығыз байланыста болады. Мерекелік іс-шараларға келіп көмектесіп балалардың мерекелерін бірге тамашалайды. Балабақша мен отбасының байланысы тәрбиешілер мен ата-аналардың өзара құрметі мен сеніміне және әріптестік қарым-қатынас орнату үшін бірлесе күш жұмсауында.

Балабақшаның жеткен жетістіктері:

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министірлігінің

"Көп жылғы еңбегі мен білім беру жүйесін дамыту

мен өскелең ұрпақты тәрбиелеуге қосқан үлесі мен жеткен жетістіктері үшін министірдің Алғыс хатпен марапатталған " Қ.Баймағамбетова, А.Жармағамбетова, А.Аманбай. 2019жыл.

"Zhuidyz ART" халықаралық шығармашылық конкурстка қатысып 2 дәрежелі лауреат вокал номинациясын алған Тян Айя Максимовна музыка жетекшісі А.Есмакаева дипломмен марапатталды. 2020ж

«Кемел» өнер білім орталығының ұйымдастыруымен мектеп оқушылары мен балабақша тәрбиеленушілері арасында өткен «Ғажайып қыс» атты республикалық сурет және қолөнер байқауына талантты шәкірт дайындағаны үшін Н.Зәркеш, А.Жармағамбетова, Қ.Жұмабекова марапатталды (онлайн қашықтықта) 2020 жыл «Тәуелсіздік-ел тұғыры» республикалық сырттай балалардың мәңгерлеп оқу байқауына «Жеңіске деген жігері үшін» номинациясы иегерін дайындаған үшін А.Жармағамбетова Алғыс хатпен марапатталды 2019 жыл

«Халықаралық экология инженерия және Педагогика ғылымдар академиясының ұйымдастыруымен өткен VII халықаралық Ұлы жеңістің 75 жылдығына арналған «Жеңіс күні» атты сурет және қолөнер байқауының жеңімпазы Мұрат Нұрәли, Серік Сұңқар жетекшісі Жұмабаева Қымбат 1 Дәрежелі дипломмен марапатталды 2020 жыл

«Мектепке дейінгі ұйымның үздік тәрбиешісі» республикалық байқауына қатысып III-дәрежелі дипломға ие болған Қ.Жұмабаева, А.Манаш, А.Төлеутай жоғары нәтиже көрсеткені үшін марапатталды. 2020 жыл

«Дар учителя» Қазақстандық интернет-журнал сайтында өткізілетін «Көктем бояулары» атты балаларға арналған Республикалық қашықтық конкурс қатысушысын дайындағаны үшін Алғыс хатпен марапатталды. Қатысушылар: Қажырахым Камила

Келесі оқу жылының болашақ жұмыстары :

Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және нығайту бойынша жүйелі жұмысты жалғастыру; Жаңа дамыту технологиясын жалғастыру; Денсаулық сақтау технологияларын қолдану арқылы, дене бітімі және психикасы толық қалыптастырған тұлғаны қалыптастыру.

Балалардың қазақ ұлтының мәдени мұрасына, халық ауыз әдебиетінде байланыстыра сөйлеуге үйрете отырып балалардың тіл белсенділігін дамыту.

Балабақша педагогтарының құзыреттілігін семинарлар, тренингтер, кеңестер арқылы көтеруге жағдай жасау; Біліктілікті арнаулы курстарда көтеру;

Ата — аналардың құзыреттілігін көтеруге білікті көмек көрсету жағдайын жасау;

Жалпы педагог саны	Білім деңгейі					Біліктілік санаты		
	Педагогикалық жоғарғы	Мектепке дейінгі жоғарғы	Арнайы пән мұғалімдері	Арнаулы орта	Мектепке дейінгі арнаулы орта	Бірінші	Екінші	Санаты жоқ
39	12	3	4	24	18	14	6	16
100%	74%	12%	14%	55%	45%	39%	17%	44%

Педагогтардың білімі 2019-2020 оқу жылы



МКҚК «Баянауыл ауылының бөбектер бақшасының»**2019-2020 оқу жылына Даму бағдарламасының тұжырымдамасы****I. Балабақшаның мақсаты:** Мектеп жасына дейінгі балаларды рухани адамгершілікке тәрбиелеу**Міндеттері:**

1. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын енгізу бойынша инновациялық педагогикалық технологияларды қолдануды әр түрлі іс-әрекет түрлерімен кіріктіру
2. Денсаулықты сақтау әдіс-тәсілдерін қолданып, балаларды салауатты өмір салтына қалыптастыру

Балабақшаның материалды-техникалық базасы педагогикалық талаптарға, заманауи білім беру деңгейіне және санитарлық нормаларға сай жабдықталған. Балабақшада балалардың психо-физикалық, эстетикалық, танымдық, сондай-ақ әлеуметтік дамуына қолайлы жағдай жасалған.

Балабақшада 285 бала тәрбиеленуде. 13 функционалдық топтар, қажетті жабдықтармен жабдықталған ағылшын тілі, педагог-психолог бөлмелері, әуендік көркемдеу және дене шынықтыру залы, медициналық бөлме, спорт алаңдары мен серуен үлескілері бар.

Барлық топтардың үлестірмелі, дидактикалық материалдары, қосымша және әдістемелік әдебиеттері, көрнекі құралдары бар. Әуендік көркемдеу зал, музыкалық құрылғылармен жабдықталған.

«Баянауыл ауылының бөбектер бақшасының оқыту мен тәрбиелеу жұмысы «Білім туралы» заңның орындалысы бойынша Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 12 тамыз № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен жұмыс жасады.

Педагогтар туралы мәлімет:

Балабақша түгелдей педагогикалық кадрлармен қамтылған. Ұжым тұрақты, педагогтардың орташа жас көрсеткіші 25 жас шамасында. Педагогикалық қызметкерлердің штаттық саны 36 педагог мамандармен қамтамасыз етілген. Балабақша штатында сонымен қоса меңгеруші, әдіскер және 4 сала мамандары балалармен жұмыстар жүргізеді: дене шынықтыру жетекшісі - 1, музыкалық жетекшілер - 2, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі - 1, орыс тілі пәнінің мұғалімі - 1 педагог-психолог

Педагогтардың аттестациядан өтуі.

Биылғы 2019-2020 оқу жылында 2-санатқа:З.Нүрсүлу, Қ.Жұмабаеваға берілді,ал 1- санатқа педагогтардың уақыты келмеді. Жыл бойы балабақшамызда мерекелік іс-шаралар өз мәнінде жоспарға сай өткізілді: Мерекелік іс-шаралар: Ұлы Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерей тойына орай «Әлем таныған Абай»атты балабақша аралық мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. «Зере әженің ізімен»тақырыбында әжелері мен немересі қатысып әжелер сайысы өткізілді. Тілдер мерекесі, Қарттар күні, Жаңа жыл мерекесі, «22 наурыз қош келдің», «Аяулы анашым». «Күз мерекесі»,«Тәуелсіздік күні», «Жеңіс күні », , «Қазақстан халықтарының бірлігі күні», «Рәміздер күні», «Астана күні», «Қазақстан республикасының Тұңғыш Президенті күні» т.б бейнелеу сабақтарынаң көрмелер ұйымдастырылды.

Педагогикалық кеңестер

2019-2020 оқу жылы аралығында жылдық жоспарда жоспарланған

5- Педагогикалық кеңес өткізілді. Әрбір педагогикалық кеңес өз тақырыбы мен қойылған мақсаттары мен ерекшеленеді.

№1 Педагогикалық кеңес тақырыбы: : «Балабақшада балалардың білім мазмұнын игеруі мен денсаулықтарының дамуына жағдай жасау және күн тәртібін сауатты да нәтижелі орындау»

№2 Педагогикалық кеңес тақырыбы: «Рухани жаңғыру»бағдарламасын еңгізу бойынша инновациялық технологияларды қолдануды іс-әрекет түрлерімен кіріктіру

№3 Педагогикалық кеңес тақырыбы: «Тәрбие және білім беру үдерісінде денсаулық сақтау технологияларын қолдану аясында тәрбиешілер мен педагогтардың кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру.

№4 Педагогикалық кеңес тақырыбы: «Мектепке дейінгі балалардың дидактикалық ойындар арқылы логикалық ойлауын дамыту және математикалық түсініктерін қалыптастыру»

№5 Педагогикалық кеңес тақырыбы: 2019-2020 оқу жылында жүргізілген жұмыстың қорытындысы

Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері

Жоспарға сай педагогтардың ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерін көрсетті. Әрбір Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің ерекшеліктерімен педагогтардың жеткен жетістіктері айтылды.

Балалардың білім деңгейін анықтау барысында төмендегідей нәтиже көрсетті.

Қорытынды білім деңгейінің көрсеткіш мониторингісі:

Басшылық және бақылау.

Мектепке дейінгі білім беру мен оқытудың мемлекеттік стандарт талаптарын орындау мақсатында жылдық жоспарға сай бақылау және басшылық жүргізілді.

Бақылау мен басшылық негізінде өтілген іс — шаралар

1. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы қарастырылды. Дайындық деңгейі қанағаттанарлық деп бағаланды. Бір ай көлемінде кемшіліктерді толықтыру тапсырылды. Барлық тәрбиешілердің жаңа оқу жылына жасалған жұмыс жоспарлары бекітілді.

2. «Ұлттық ойындар арқылы балалардың рухани адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру» тақырыбында топтарда ұлттық ойындар бұрышын жасақтау»

3 «Сауықтыру шараларына арналған құрал жабдықтардың балалардың жас ерекшелігіне сай болуы»

4 «Мектеп жасына дейінгі балалардың математикалық және логикалық ойлауына арналған дидактикалық ойындар түрлерін толықтыру»

5. Жаңа келген балаларды қабылдау, барлық балалардың психологиялық дайындығы деңгейі бойынша педагог-психолог М.Акошева өз жұмысы бойынша есеп берді. Балалардың балабақшаға бейімделуі бойынша ата-аналар мен жеке жұмыс жүргізілді.

6. Апта сайын тәрбиешілердің апталық циклограммасын, технологиялық картасын түзуін, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеніне дайындығын, көрнектілік пен үлестірілген материалдарын бақылау жұмыстары жүргізілді.

7. Күнделікті тәрбиешілердің уақытылы жұмысқа келуі қадағаланды.

8. Тоқсан сайын топтардың тазалығы, балалардың мәдени-гигиеналық дағдылары бақыланып, қорытындыланып отырылды.

Балалардың өмірі мен денсаулықтарын қорғау.

Балабақшаның негізгі жұмыс бағытының бірі — балалардың денсаулығын сақтау және нығайту. Балабақшада дене тәрбиесі — сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалған. Балалардың физиологиясына, санитарлық — мәдени ережесіне, танымдық орта құрудағы техникалық қауіпсіздігіне байланысты материалды — құрал-жабдықтармен жабдықталған. Жүйелі түрде: балалардың ағзаларын шынықтыру ретінде таңертеңгі жаттығу, серуенде қозғалмалы ойындар, сабақта сергіту сәттері өтіледі. Педагогикалық ұжым барлық жас ерекшеліктеріне сай топтардағы өтілетін сауықтыру шараларына көп-көңіл бөледі. Бұл шынықтыру шаралары күндізгі ұйқыдан кейінгі ойын түріндегі сауықтыру шаралары, релаксациялық және тыны салу жаттығулары, майтабанның алдын — алу жаттығулары, күннің жылы кезінде жалаң-аяқ жүру, дәруменді шырындар ішу

2019 — 2020 оқу-жылында балалардың сырқаттануларына байланысты мониторинг қорытындысы



— балалардың жарақаттану жағдайлары жоқ.

Балалардың денсаулықтарын қорғау және нығайтуға бағытталған жұмыстардан біздің тәрбиеленушілеріміздің ата — аналарының көмегінсіз күтілетін нәтиже алуға болмайды, сондықтанда, ата—аналарды қатыстыру арқылы әр түрлі жұмыстар жүргізіледі : ашық сабақтар, спорттық мерекелер, денсаулық күндері, ата—аналардың қатысуы мен ойын — сауықтар. Әрбір топтарда ата- аналарға арналған денсаулық бұрыштары безендірілген.

«Омыртқа жотасын дұрыс қалыптастыру жаттығулары», «Мектепке дейінгі баларға арналған ырғақты гимнастика», «Асқазан, ішек ауруларын алдын алу», «Жаз мезгіліндегі балалар травматизмі бойынша профилактика» тақырыптарында кеңес берілді. Балабақшада сауықтыру және шынықтыру сұрақтарын медицина қызметкері мен тығыз байланыспай шешуге болмайды. Дене тәрбиесіне байланысты балабақшада «Шынықсан шымыр боласың», «Көңілді достар», деген топ арасындағы эстафеталық жарыстар өткізілді.

Денсаулық күндері кимылды қозғалыс ойындары өткізіліп тұрды. Тәрбиеленуші балалар үнемі медбикенің бақылауында. Балабақшада балалардың балабақшаға қатысуларының және ауырған күндерінің қорытындылары шығарылып отырылады. Ауырған диагноздары анықталып, көктемде және күзде балалардың денсаулықтары бойынша мониторинг жасалады. Он күнге арналып жасалған ас мәзірі директор мен бекітіліп, сол бойынша тәрбиеленушілерді төртрет тамақтандыру жүзеге асырылады

Түскі ұйқыдан тұрғаннан кейін балалар нүктелі массаж және бірнеше дене жаттығуларын жасайды. Сонымен қатар балабақшада ата – аналардың қатысуы мен түрлі спорттық жарыстар өткізіліп тұрады. Спорттық жарыстар мен түрлі ойын – сауықтар балалардың ой санасының қалыптасуына, өзін еркін ұстап және жан – жақты жетілуіне әсер етеді.

КМҚК «Баянауыл ауылының сәбилер» бақшасы

**2021-2022 оқу жылына
Даму бағдарламасының тұжырымдамасы**

Баянауыл ауданы

**КМҚК «Баянауыл ауылының сәбилер бақшасының»
2021-2022 оқу жылына Даму бағдарламасының тұжырымдамасы**

**I. Балабақшаның мақсаты: МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ
РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ**

Міндеттері:

1. Инновациялық технологияларды қолдана отырып, балалардың ой өрісін тілін дамыту.
